

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 22 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бір топ Парламент депутаттарының бастамашы болуымен әзірленді.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Больгерт Евгений Андреевичке беріледі.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылады. Заң Мәжіліс депутаттарының бастамашылығымен әзірленген.

Заңның мақсаты құқықтық оқшылықтарды жою және шағын электр көліктерін, сондай-ақ электрсамокаттарды пайдалану мәселелерін құқықтық реттеу болып табылады. Бұдан бөлек заңмен көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді, жүргізуші куәліктерін және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін дайындауға мемлекеттік монополия енгізіледі.

Предлагается внести изменения и дополнения в законы «О дорожном движении» и «О разрешениях и уведомлениях».

Назову основные положения.

1. В Закон «О дорожном движении» вводится понятие «малое электрическое транспортное средство» с указанием его технических характеристик, правовой регламентацией порядка эксплуатации и установлением перечня запретов для водителей.

2. Закон «О дорожном движении» дополняется понятием «электрический самокат». Им признается транспортное средство с максимальной конструктивной скоростью не более 25 километров в час, определяются места для их движения, а также вводятся запреты для их водителей.

В частности, водители электросамокатов двигаются по велодорожке, велосипедной полосе движения. При их отсутствии допускается их движение по правому краю проезжей части дороги с соблюдением условий и запретов, вводимых законом. В частности, это достижение 18-летнего возраста, наличие водительского удостоверения на право управления транспортным средством любой категории, наличие застегнутого шлема, а при передвижении в темное время суток наличие светоотражающего предмета, обеспечивающего видимость водителям других транспортных средств.

По тротуару или пешеходной дорожке допускается движение электросамокатов со скоростью не более 6 километров в час.

3. Предусматриваются права и обязанности водителей малого электрического транспортного средства и электрического самоката.

4. Устанавливаются запреты для водителей мопедов, велосипедов, малых электрических транспортных средств и электросамокатов.

Кроме того, внесены поправки, устанавливающие основания остановки транспортных средств сотрудниками полиции для проверки транспортных средств, зарегистрированных в компетентном органе другого государства, на соответствие требованиям, предусмотренным Законом Республики Казахстан «О дорожном движении».

Вводится государственная монополия в области изготовления свидетельств о государственной регистрации транспортных средств, водительских удостоверений и государственных регистрационных номерных знаков. Правом на осуществление этих видов деятельности наделяется республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения при Министерстве внутренних дел Республики Казахстан.

Закон «О разрешениях и уведомлениях» дополняется новым видом уведомления о начале или прекращении деятельности учебных организаций по подготовке водителей автотранспорта.

Полагаем, что одобрение закона, принятого Мажилисом, направленного на установление прав и обязанностей водителей электросамокатов и малых электрических транспортных средств, ограничений и запретов, будет способствовать обеспечению правового регулирования общественных отношений по их использованию.

Принятый Мажилисом закон является первым шагом в сфере правового регулирования порядка использования средств индивидуального передвижения. Вместе с тем имеется еще ряд вопросов, требующих своего законодательного решения в будущем с учетом апробирования на практике вводимых правовых новелл, а также международного опыта регулирования порядка эксплуатации электросамокатов и малых электрических транспортных средств.

Құрметті әріптестер! Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ішкі істер министрлігінің өкіліне.

Әлемде электрсамокаттарға, гироскутерлерге, моноколестарға деген қызығушылық арта түсті. Әсіресе жастардың арасында бұл тренд дамып келеді. Қалаларда электрсамокаттарды жалға беру қызметтері барынша дамып, құны қолжетімді болғаннан соң жекеменшікке сатып алушылар да көбейді. Дегенмен бұл тренд көптеген проблемалардың туындауына да себеп болуда. Мәселе құрылғыларды пайдалану ережелерінің және қажетті инфрақұрылымның жоқтығында. Нәтижесінде олардың қатысуында жаяу жүргіншілерге нақты қауіп төніп отыр, жол-көлік оқиғалары мен ауыр жарақат алғандар туралы мәліметтер көбейді.

Бүгін талқыланып отырған түзетулер жол қозғалысының жаңадан пайда болған қатысушыларында жол жүру тәртібі туралы түсінік пен анықтық қалыптастырады деген сенімдемін. Осы мәселе бойынша екі сұрағым бар.

Бірінші. Ішкі істер министрлігі тротуарлардағы электрсамокаттардың жылдамдығын қалай бақылайды? Сағатына 6 шақырымдық шектеудің бұзылғанын немесе бұзылмағанын қалай анықтауға болады?

Екінші. Күні бойы жаяу жүргіншілер ағыны әртүрлі, тротуарлардағы таңертеңгі жүру қарқыны мен күндізгіні салыстыруға келмейді. Өңірлердегі халықтың тығыздығы да әртүрлі. Бәлкім, осы ерекшеліктерді ескеріп, жергілікті органдарға жекелеген учаскелердегі жылдамдық аймақтарын, жол белгілерін орнату арқылы өздері анықтау құқығын беру керек шығар. Жылдамдықты шектеуге осылайша дифференциалды түрде қарау туралы не айта аласыз? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ішкі істер министрінің орынбасары Сәрсенов Сәкен Сейітжаппарұлы, жауап беріңіз.

СӘРСЕНОВ С.С. Сұрағыңызға рақмет.

Бірінші сұрағыңыз бойынша айтсақ, каршеринг компаниялармен бірігіп GPS арқылы тротуарларда 6 шақырым жүргізуге мүмкіндік береді. Оны біз бақылаймыз және заң жобасының аясында біздің қызметкерлерге бұны бақылауға мүмкіндік болады.

Екінші сұрағыңызға келсек, әрине, бұл мәселе өте күрделі. Бұл бір күнде шешілетін мәселе емес. Бүгінде үлкен қалаларда электрсамокаттар көп болып кеткендіктен болашақта бұл мәселе жергілікті әкімшіліктер тарапынан қаралады деген ойдамын.

Бұл заң жобасы бірінші қадам. Осы заң жобасының аясында бұның бәрін болашақта қараймыз.

ТӨРАҒА. Сәкен Сейітжаппарұлы, Алишер Гапиржанович оны қалай қадағалайсыздар деп сұраған болатын, бірақ сіздің сұрағыңызға қанағаттанбадық. Оның механизмі қалай болады? Мысалы, Алматы, Астана, басқа да қалаларда электрсамокаттармен жүреді. Сіздердің камераларыңыз барлық жерде тұрған жоқ, әр көшеге полиция қоймайсыздар. Каршеринг компаниялармен қадағалаймыз дейсіздер, олай болса олардың жылдамдығын 6 шақырымға шектеу керек. Соның механизмі қалай? Біздің әріптестеріміз соның механизмін сұрап жатыр ғой. Соны айтып берсеңіз.

СӘРСЕНОВ С.С. Каршеринг компанияда арнайы ақпараттық жүйе бар. Ол жерде GPS арқылы тротуарлар көрініп тұрады, мысалы, бір көшеден келесі көшеге дейін самокат тек 6 шақырым жылдамдықпен жүре алады, жылдамдығын көбейте алмайды.

Тротуарда жүрген кезде 6 шақырымдық шектеу болады. Ал жолға шыққан кезде 25 шақырым жылдамдықпен жүруге мүмкіндігі болады. Ол автоматты түрде жасалынатын нәрсе. Әрине, біз ол компаниялармен бірге жұмыс жасаймыз, қадағалаймыз. Ол жүйе арқылы жасалынатын нәрсе.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы
Менің сұрағым заң жобасының бастамашыларына.

Осы заңға сәйкес көлік құралдарына қатысты барлық ресми құжаттарды дайындау мемлекеттік монополияға өтпек. Атап айтсақ, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, жүргізуші куәлігі және мемлекеттік тіркеу нөмірі.

Осы қызмет түрлерін Ішкі істер министрлігі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырмақ.

Жалпы, мемлекет Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес кейбір тауарларды шығаруға немесе сатуға шектеу енгізуге құқылы. Мұндай шешімді мемлекет қандай жағдайда қабылдайды? Егер мұндай тіршілік конституциялық құрылыстың жай-күйіне, ұлттық қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпке, адам құқықтары мен бостандықтарына және халықтың денсаулығына теріс әсер тигізу қаупі болса. Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Көлікке қатысты ресми құжаттарды мемлекеттік монополияға жатқызудың қандай себептері бар?

Бұл шешім қандай қауіптердің алдын алып, болдырмауға жағдай жасайды?

Сонымен қатар мұндай қадам бәсекелестікті дамытуға, монополияны шектеуге кедергі болмай ма?

ТӨРАҒА. Екатерина Васильевна, пожалуйста.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Спасибо. Актуальный вопрос. Он не раз задавался у нас на экспертных группах.

Дело в том, что государственная монополия на изготовление государственных номерных знаков и водительских удостоверений на сегодня фактически уже реализуется.

Более того, до 2020 года был частный поставщик этой услуги – компания «Латон», которая исполняла государственный заказ на изготовление государственных регистрационных номерных знаков. Но была неприятная ситуация, когда частный поставщик сорвал поставки. Тогда это серьезно освещалось в средствах массовой информации. Был период, когда было невозможно выдавать государственные номерные знаки и водительские удостоверения. К сожалению, был такой эпизод, был коллапс в центрах обслуживания населения, было большое возмущение людей. Это первый момент.

Второй момент. На сегодня данное предприятие апеллирует к большому объему персональных данных, включая секретную (закрытую) информацию, потому что выдача номерных знаков не всегда относится к физическим и юридическим лицам, здесь также есть та сторона, которая связана с вопросом национальной безопасности.

Данное нововведение было обусловлено эпизодом 2020 года. Этот законопроект два года отработывался, в общем-то, было обусловлено тем, чтобы не допустить срывов, увеличения стоимости этой услуги, она жестко регламентирована, утечки персональных данных, в том числе той информации, которая является закрытой. Поэтому было принято решение, что в данном случае на изготовление номерных знаков должна быть государственная монополия.

Что касается изготовления приложения к водительским правам, они остаются в рынке, то есть то, что касается международных организаций.

Также были приведены доводы, что сегодня у нас в цифровом формате все документы существуют, по большому счету, изготовление прав – это уже не такая актуальная задача. Действительно это так. Здесь акцент мы делаем на изготовлении номерных знаков. От номерных знаков в ближайшее время мы не планируем отказываться. Поэтому то республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения при Министерстве внутренних дел Республики Казахстан в случае введения нормы будет получать государственное задание и исполнять работу в пределах тех пошлин, которые сегодня существуют, изготавливать государственные номерные знаки и отвечать за сохранность персональных и закрытых данных.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы

Менің сұрағым Ішкі істер министрінің орынбасарына.

Жол жүрісі ережесіне сәйкес мопедтерді және оларға теңестірілген көлік құралдарын басқару құқығы 16 жасқа толған адамдарға беріледі. Алайда бүгінгі заңда самокат басқаруға құқық 18 жастан беріліп отыр. Осыған байланысты сұрағым бар.

Осы екі көлік құралы бір-біріне ұқсас болғанымен неге әртүрлі талаптар қойылады? Самокат жүргізушілерге де он алты жастан бастап рұқсат беруге қандай жағдайлар кедергі болуда? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сәкен Сейітжаппарұлы, жауап беріңіз.

СӨРСЕНОВ С.С. Сұрағыңызға рақмет.

Үкімет жобасының нұсқасында дәл сондай ұсыныс болған болатын, яғни электрсамокаттарды 16 жастан басқаруға рұқсат беруге. Бірақ заңды Мәжілісте талқылаған кезде осындай шешімге келдік. Өйткені мопед пен велосипедтер бұрыннан келе жатқан көлік құралы. Оның үстіне соңғы кезде өте көп жол-көлік апаттары электрсамокаттарға қатысты болғандықтан осындай шешім қабылдадық. Сондықтан 18 жастан бастап және жүргізуші көлігі бар азаматтарға мүмкіндік беріледі. Мүмкін, болашақта бұл мәселені тағы қарастырамыз.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Екатерина Васильевна.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Уважаемые коллеги, хочу сразу проинформировать, что такой вопрос стоял. Мопеды не являлись предметом регулирования данного законопроекта, поэтому мы здесь обошлись минимальным количеством норм в отношении мопедов.

Мопеды активно используются категорией платформенных работников, которые осуществляют доставку еды и так далее. Большая группа людей здесь задействована. Поэтому мы осторожно к этому вопросу подошли и вынесли регулирование движения мопедов в отдельный законопроект. На сегодня он практически готов. Я думаю, что коллеги из Сената присоединятся к рабочей группе по его обсуждению. Я думаю, что в ближайшее время после получения всех заключений мы представим еще и этот блок регулирования.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің бірқатар сұрақтарым Ішкі істер министрлігінің өкіліне бағытталады.

Аталған заң электрсамокаттардың жолда жүруін реттеуге және олардың жаяу жүргіншілер жолындағы азаматтармен қақтығыстарының алдын алуға бағытталғаны сөзсіз. Сол себепті электрсамокаттарды көлік жолының оң жақ желегіне шығарып жатырмыз.

Бірінші. Олардың автокөлік және скутер секілді габариттердің болмауынан ертең жолға шыққан кезде жол жүрісінің қатысушыларына көптеп мәселе тудырып, жол-көлік оқиғаларының көбеймеуіне кім кепіл береді? Сіздер осы мәселені қалай шешіп отырсыздар?

Екінші. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, сіз айтып кеткен бейнебақылау мәселесі бойынша да сұрақ қойғым келіп отыр. Қазір электрсамокаттардың мемлекеттік тіркеу нөмірі болмағандықтан олар бейнебақылау жүйесінде көрсетілмейді. Ал халықаралық тәжірибеге сүйенсек, бірқатар Еуропа мемлекеттерінде көлік жолына шығуға рұқсат берген кезде көлік құралын міндетті түрде мемлекеттік тіркеу және оның иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру енгізіліп отыр, тіпті мемлекеттік тіркеу

нөмірі де беріліп отыр. Сіздер бұл мәселені дәл осы заңның аясында қалай реттейсіздер? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сәкен Сейітжаппарұлы, жауап беріңіз.

СӘРСЕНОВ С.С. Мәулен Сағатханұлы, осы жерде Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы отыр, рұқсат болса сол кісі жауап берсін.

ТӨРАҒА. Жақсы. Микрофонын қосыңыздар.

СҰЛТАНБАЕВ Қ.Ә. Қайырлы күн.

Бұл дүниежүзінде бар практика. Самокатпен көлік жолына шығу үшін самокат жүргізуші 18 жаста болу керектігі заңда көрсетілген. Оның категориясы бар куәлігі болу керек және ол жолдың оң жақтағы желегімен жүреді. Соңғы кезде тротуарларда жаяу жүргіншілерді соғып кету оқиғаларының болу себебінен біз осындай ұсыныс беріп отырмыз.

Жолдағы жол-көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін полиция қызметкерлері барлық күшін салып жұмыс істейді.

Самокаттарды механикалық көлік ретінде тіркеуге алу мәселесін біз келешекте тағы зерделеп қараймыз. Егер ол қажет болған жағдайда біз оны келесі заң жобаларында реттеуге күшімізді саламыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Пожалуйста, Екатерина Васильевна.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Коллеги, вопрос о регистрации на повестке у нас стоял, мы его детально изучали. Безусловно, у депутатского корпуса было желание ввести обязательную государственную регистрацию, но пока, к сожалению, мы не можем этого сделать, потому что есть международные ратифицированные соглашения, которые предполагают, что государственная регистрация возможна только в том случае, если транспортное средство получает сертификат безопасности. Электросамокаты такого сертификата не могут получить по стандарту. На данный момент мы продолжаем рассматривать альтернативные форматы регистрации. Это будут не государственные номерные знаки в традиционном понимании, а возможно, через иные государственные органы сможем такую регистрацию провести. Но пока нет ответа на этот вопрос. Мы обязательно продолжим работу над этим.

Что касается движения по правой полосе и фиксации. На сегодня управляющая компания «Сергек» подтвердила, что она может фиксировать скорость электросамоката. Если это шеринговый самокат, то будем иметь время, когда он был в той или иной точке, скорость движения, соответственно, можно будет определить, кто взял в аренду этот электросамокат. Это то, что касается арендных электросамокатов.

Что касается частных, здесь сложнее, здесь только варианты биометрии. Но этот вопрос мы дальше будем рассматривать.

Также мы сделали барьеры, ограничения выезда на дорогу в целях безопасности, это совершеннолетний возраст, то есть 18 лет, наличие водительского удостоверения любой категории, это говорит о том, что человек знает правила дорожного движения, это знание подтверждено документально.

И еще один момент. Местные исполнительные органы по действующему законодательству имеют компетенцию по планированию дорожного городского пространства. В данном случае они смогут с помощью... В данный момент Министерство внутренних дел разрабатывает специальный дорожный знак обозначения самоката. Он будет обязательно введен, и местные исполнительные органы опасные участки дорог смогут ограждать движение самокатов. Поэтому на местном уровне планирование будет.

Более того, мы сейчас обсуждаем, в Мажилисе есть еще один законопроект по дорожному движению, мы внесли предложение о наделении акиматов компетенцией по разработке правил эксплуатации самокатов в городском пространстве. Но пока мы обсуждаем, потому что согласно новой концепции нормотворчества, возможно, эта детализация норм закона будет излишней. Спасибо.

ТӨРАҒА. Екатерина Васильевна, коллеги, в целом понятно, что это первый шаг. Нам надо сейчас посмотреть правоприменительную практику, как это будет на практике. Мы получили ряд обращений, ряд писем как от бизнес-структур, так и от общественности, экспертов. Есть разные мнения. В этой ситуации столкнулись интересы трех групп:

- 1) бизнес;
- 2) общественность, население;
- 3) сами самокатчики, кто активно использует этот вид современного городского транспорта, их интересы, чтобы они как-то передвигались, быстро, могли по пешеходной дорожке ездить.

Есть бизнес, есть население. В этой ситуации нам было очень сложно принять правильное решение. У нас была даже опция, мы хотели этот закон вернуть в Мажилис, чтобы еще раз нам его прокачать, просмотреть. Но в конечном итоге путем совещания мы пришли к мнению, что нам нужно посмотреть правоприменение полгода, как это будет работать, не создает ли это угрозы безопасности жизни людей на дорогах, прежде всего самим самокатчикам. Они же не защищены, собственно говоря, здесь машины, крупные, большие транспортные средства, а самокат совершенно не защищен.

С другой стороны, по 6 километрам в час тоже были вопросы. Бизнес просил повысить, считали, что 6 километров в час недостаточно для того, чтобы сохранить равновесие на этом виде городского транспорта. Поэтому мы приняли такое решение, посмотрим правоприменение полгода, потом вернемся к этому закону. Возможно, нужно будет вводить государственную регистрацию. В какой форме, это нужно обсуждать.

Пользуясь возможностью, я обращаюсь к тем заинтересованным гражданам, организациям, которые обращались в Сенат, хочу сказать, что мы не закрываем двери, двери открыты. Мы сейчас будем смотреть правоприменение вместе с нашими коллегами из Мажилиса, вернемся, при необходимости подкорректируем данный закон.

Министерству внутренних дел со своей стороны, Сакен Сейтжаппарович, нужно делать все необходимое, чтобы обеспечить безопасность людей, которые эксплуатируют

самокаты на дорогах. Очень чувствительный вопрос. Мы сейчас пару аварий, не дай бог, получим, потом будем здесь все в чрезвычайном режиме рассматривать какие-то поправки. Поэтому Министерство внутренних дел должно серьезно этим вопросом заняться, где-то ограничение поставить, где-то разъяснительную работу проводить, с каршеринговыми компаниями нужно проводить большую работу.

То есть закон пока оставляет больше вопросов, чем дает ответы. Но с учетом того, что все равно какая-то реформа здесь нужна, это шаг вперед все-таки, мы рассмотрели, и сейчас депутаты будут голосовать. Но наше мнение такое, что надо дать возможность применить эти нормы и посмотреть, что из этого выйдет, и, не затягивая, может быть, вернуться к этому закону.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар жоқ.

Спасибо, Евгений Андреевич, присаживайтесь.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Толамисов Амангелді Ғабдылқарімұлына беріледі.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Бұл заң алдымен екі мәселеге қатысты. Бір жағынан шағын электр көлік құралдары мен электрсамокаттарды пайдалануды реттесе, екінші жағынан көліктерге қатысты барлық ресми құжаттарды дайындауды мемлекеттік монополияға беріп отыр.

Мәжіліс қабылдаған заң электрсамокаттар мен шағын электр көлік құралдарын жүргізушілердің құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Осы мәселе бойынша құқықтық олқылықты жоюға ықпал ететін болады.

Көлікке қатысты барлық ресми құжаттарды дайындау саласында мемлекеттік монополия енгізу жеке және заңды тұлғалардың дербес деректерін таратуды шектеуге мүмкіндік береді. Техникалық паспорттарды, мемлекеттік нөмірлерді және жүргізуші куәліктерін дайындау, есепке алу үшін жауапкершілікті арттырады.

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңды көлік құралдарының жүргізушілерін даярлайтын оқу ұйымдарының қызметін бастау немесе тоқтату туралы хабарламамен толықтыру аталған заңның «Жол қозғалысы туралы» Заңмен құқықтық қайшылығын жояды.

Жалпы, жол қозғалысын ұйымдастыру жайлы заңнама электрсамокаттарды пайдалану бөлігінде одан әрі жетілдіруді талап етеді. Себебі құқықтық, ұйымдастырушылық сипаттағы сұрақтар әлі де бар, мысалы, электрсамокаттарды есепке алу және мемлекеттік тіркеу, олардың қозғалысын бейнебақылау жүйелерімен анықтау, электрсамокаттарды жүргізушілердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру мәселелері.

Электрсамокаттарды импорттаған кезде техникалық регламент талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, елді мекендерде оларды қауіпсіз пайдалануға мүмкіндік беретін инфрақұрылым құру мәселелері де шешуді талап етеді. Осыған қарамастан Мәжіліс қабылдаған заң жеке қозғалыс құралдарын пайдалану үшін тиісті құқықтық негіз қалайды.

Айтылғандарды ескере келе, мен қаралып отырған заңды қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Бұл заң жолда жүру саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатымен әзірленді. Атап айтқанда, осы заң аясында көліктің жаңа түрлерін пайдаланудың құқықтық негіздері мен жалпы шарттары айқындалады. Сондай-ақ электрсамокат және шағын электр көліктерін жүргізушілердің құқықтары мен міндеттері бекітіледі. Жалпы, мақұлданған заң азаматтардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге оң үлесін қосады деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл заң да Парламент депутаттарының бастамашыл болуымен әзірленген.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң ұсынылып отыр.

Соңғы уақытта елімізде сұйытылған мұнай газына деген ішкі қажеттілікті қамтамасыз ету мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр.

2022 жылғы қаңтарда болған оқиғалар газ саласын реформалаудың бастауы болды. Сонымен қатар үстіміздегі жылы болып өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы тұрғын үй-коммуналдық саласы бойынша бірқатар тапсырма берген болатын.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында Үкімет тарапынан дайындалған және сұйытылған мұнай газының айналымын реттеу жөніндегі қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мақсатында Парламент депутаттарының бастамасымен бүгін қарастырылып отырған заң әзірленді.

Бұл құжатта толығырақ тоқталғым келетін бірқатар маңызды новеллалар қарастырылғанын атап өткім келеді.

Бірінші. Жеткізу жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын мемлекеттік реттеу белгіленеді. Бұл ретте жеткізу жоспары шеңберінде тауарлық газды немесе сұйытылған мұнай газын өткізетін тұлғалар үшін белгіленген шекті бағадан асып кетуге жол бермеу туралы міндеттеме белгіленеді.

Екінші. Жеткізу жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын бөлу тетігі өзгеруде, ол келесілерді қамтиды:

Энергетика министрлігі тиісті ақпараттық жүйе арқылы өзі айқындайтын тәртіппен жеткізу жоспарын қалыптастырады;

жергілікті атқарушы органдар Энергетика министрлігі айқындайтын тәртіппен жеткізу жоспары шеңберінде бөлінген сұйытылған газ көлемдерін бөлуді бекітеді;

сұйытылған мұнай газын өндірушілер мен меншік иелері сұйытылған газдың жеткізу жоспарын орындауға және бөлінген көлемін таратуға міндетті;

жеткізу жоспары шеңберінде өткізілетін сұйытылған мұнай газын сатып алу құқығына газ толтыру станциялары мен пункттерінің, топтық резервуарлық қондырғылардың, автогаз құю станцияларының иелері, сондай-ақ өнеркәсіптік тұтынушылар ие болады.

Үшінші. Сұйытылған газды өндірушілер үшін сұйытылған газды тек өзінің құю эстакадалары арқылы көтерме сатуды жүзеге асыру міндеті белгіленеді. Бұл ретте тиісті инфрақұрылымды дайындауды талап ететін бұл норма 2024 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Сұйытылған газды сатып алу құқығы бар тұлғалар үшін де тиісті шектеулер белгіленеді. Осылайша бір газ толтыру станциясын бір уақытта екі және одан да көп тұлғаның пайдалануына тыйым салынады. Бұдан басқа газ толтыру станциялары мен пункттерінің иелері үшін сұйытылған газды сақтау, төгу және құю жөніндегі өндірістік кешендер объектілерін үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі алынып тасталады.

Төртінші. Тұрмыстық баллондарды пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында оларға газ құю тек газ толтыру станциялары мен пункттерінде рұқсат етіледі.

Бесінші. Заңмен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында бірқатар өзгерістер ұсынылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2023 жылғы 1 шілдеден кейін көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару нысандарының бірі ретінде пәтер иелері кооперативтерін қалдыру бөлігінде түзетулер көзделген. Сонымен қатар табиғи монополиялар субъектісінің желілеріне қосылуға техникалық шарттардың қолданылу мерзіміне шектеу қойылады және беру мерзімдері ұлғайтылады.

Құрметті әріптестер! Сенаттың тұрақты комитеттерінде заң тұжырымдамасы бойынша ескертпелер мен ұсыныстар жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Сенат Регламентінің 58-тармағына сәйкес Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Парламент Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Шайдаров Серік Жаманқұлұлына беріледі.

ШАЙДАРОВ С.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне.

Қаралып отырған заңда пәтер иелері кооперативі жұмысын жалғастыратын болады. Алайда биыл 1 шілдеден бастап күшіне кіретін коммерциялық емес ұйымдар туралы және тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы туралы заңдардың нормаларына сай, біріншіден, пәтер иелері кооперативі коммерциялық емес ұйымдардың тізбесіне кірмейді, екіншіден, пәтер иелері кооперативі кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинаудың салымшылары болып табылмайды. Осыған байланысты құқықтық коллизия туындайды.

Біріншіден, өз қызметін жалғастыратын пәтер иелері кооперативі қызметінің ұйымдық-құқықтық нысаны заңнамалық түрде анықталмаған.

Екіншіден, пәтер иелері кооперативі күрделі жөндеуге арналған жинақтардың салымшылары бола алмайды, тіпті мұндай қажеттілік болған жағдайдың өзінде олар салымшыларға жатпайды. Менің сұрақтарым бар.

Бірінші. Пәтер иелері кооперативі өз қызметін қандай ұйымдық-құқықтық негізде жалғастырады? Коммерциялық емес ұйым ретінде бекітіліген құқықтық мәртебесінің болмауы қандай салдарға әкеледі, мысалы, салық төлеу жағынан?

Екінші. Пәтер иелері кооперативін жинақтардың салымшысына жатқызбаса, онда күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымына қатысты олардың құқығын іске асыруды қандай құқықтық тетік қамтамасыз етеді? Рақмет.

ТӨРАҒА. Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Ыдырысов Алмаз Серікболұлы, жауап беріңіз.

ЫДЫРЫСОВ А.С. Сұрағыңызға рақмет.

Негізі аталған өзгеріс тек жаңадан құрылатын кооперативтерге ғана байланысты, ол соған ғана әсер етеді. Бұрыннан бері істеп келе жатқан кооперативтерге әсер етпейді, олар сол сипатта жұмыс істей береді.

Құрметті Серік Жаманқұлұлы, өзіңіз айтқандай, бұл жерде құқықтық сипаттағы мәселелер бар. Өзіңіз білесіз, бұл мәселені жұмыс тобының отырыстарында бірнеше рет талқылағанбыз және біз ортақ шешімге келдік.

Алдағы күзге жоспарланып отырған заңда құқық мәселесінің бәрі шешілетін болады. Соңғы үш жылда бізде жаңадан кооператив құрылған жоқ және олардың азаюы байқалуда, қазіргі таңда 2 мың ғана кооператив бар. Сондықтан осы құқықтық мәселелерді шешкенге дейін ешқандай кері әсері болмайды деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рахметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Энергетика министрлігінің өкіліне.

Біз мақұлдағалы отырған заң нормаларына сәйкес Энергетика министрлігіне Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің келісімі бойынша сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын белгілеу жөніндегі өкілеттіктер беріледі.

Өздеріңіз білетіндей, газға баға белгілеу мәселесі халық үшін аса маңызды мәселе болып табылады. Бұл ретте халыққа бағаны кім белгілейтіні емес, нәтиженің қандай болатыны, бағаның қандай болатыны маңызды.

Осы ретте мен заңның іске асырылуы сұйытылған мұнай газының бағасына қалай әсер ететінін білгім келіп отыр. Сондай-ақ министрліктің осы отын түрінің бағасын реттеу бойынша нақты қандай жоспарлары бар екенін білгім келеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Энергетика вице-министрі Нұрмағанбетов Жандос Демесінұлы, жауап беріңіз.

НҰРМАҒАНБЕТОВ Ж.Д. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы!

Құрметті Әсем Қалашбайқызы, сұрағыңызға рақмет.

Әлеуметтік жағынан маңызды болғаннан кейін газ бағасы екі мемлекеттік органға, яғни Энергетика министрлігі мен Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне жүктелген болатын. Қазір осы заң жобасы арқылы оны бір қолға алу ұсынылып отыр. Біз депутаттардың ұсынған нормаларын қолдаймыз. Өйткені газ бағасы төмен болғандықтан қазір газ тұтыну көлемі 28 пайызға өсіп кетті, ал өндірісі түсіп келе жатыр. Біз дефицит болатынын байқап отырмыз. Ертеңгі күні газ не қымбат бағаға, не арзан бағаға болмайды деген болжам бар. Әрине, құзырет бізге берілгеннен кейін біз газдың бағасын әлеуметтік жағдайға қарап бірте-бірте көтеруді жоспарлап отырмыз. Өкінішке қарай, ол солай болады.

Газбен жүретін машиналардың саны жылдан-жылға өсіп келе жатыр, олар 600 мыңға жетіп қалды. Газ тұтыну көлемі болашақта өсе береді. Соны нақты экономикалық бір балансқа келтіру үшін біз бағаны кезең-кезеңімен әр облыстың жағдайын ескере отырып көтеруді жоспарлап отырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жандос Демесінұлы, ол экономиканың жағдайына қарай, мемлекеттің жағдайына қарай, сондай-ақ өндіріп жатқан компаниялардың сұраныстарына байланысты сұйытылған газдың бағасын да өсіру керек шығар. Бірақ бұл мәселені жан-жақты ойланyp, ақылдасып, әр өңірдің жағдайын қарап әрекет ету керек. Бұл осы орталықтан беталды шешім қабылдай салып, жергілікті жерге «ары қарай енді өздеріңіз көріңіздер, өздеріңіз жасаңыздар» деп қарап отыратын мәселе емес. Депутаттарымыз мәселені осындай контексте көтеріп жатқанын өзіңіз де естіп жатырсыз. Егер баға ары қарай өсетін болса асықпай, ойланyp, жергілікті жердегі әріптестермен ақылдасып, әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға көмек көрсете отырып бұл жұмыстарды кезең-кезеңімен шешу керек. Қазір шешім қабылдаймыз, болды енді, нарық солай, жағдай солай деп саясат

жүргізуге болмайды. Сондықтан кейбір әлеуметтік топтарды қорғай отырып, олардың мүдделерін ескере отырып қана осы бағыттарда жұмыс істеуге болатын шығар. Осыны ескерсеңіздер.

Сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Энергетика министрлігінің өкіліне.

Қазіргі таңда елімізде автогаз құю станцияларының саны жауыннан кейінгі саңырауқұлақ сияқты жылдан-жылға өсіп келе жатыр.

Сұйытылған газдың арзан жанармай болуына байланысты азаматтар көліктерін осы жанармайға қайта жабдықтауда. Бұл үрдіс күн сайын геометриялық прогрессиямен өсуде. Ал уәкілетті мемлекеттік орган тарапынан өңірлерге бөлінетін сұйытылған газдың көлемі өзгеріссіз қалуда. Мысалы, Маңғыстау облысында автогаз құю станциялары 2020 жылы 250-300 болатын болса, қазіргі таңда 424-ке жетті, яғни үш жыл көлемінде 41,3 пайызға өсіп отыр. Дәл осындай жағдайлар Атырау, Ақтөбе, Жамбыл, басқа да облыстарда байқалуда. Осыған байланысты өңірде автогаз құю станцияларының шамадан тыс өсуін реттеу мақсатында кәсіпкерлік субъектілері үшін есептеу әдістемесін әзірлеуді және бекітуді ұсынған болатынмын. Алайда уәкілетті мемлекеттік орган кәсіпкерлік субъектілерін шектей алмаймыз деген ұстанымдарын білдіруде және бұл ұсынысты бас комитет те қолдап отыр.

Бұл жерде кәсіпкерлік субъектілерін шектеу емес, олардың санын техникалық талаптарға сай сәйкестендіріп реттеу болатын. Өздеріңіз де көріп отырсыздар, жылдан-жылға өсіп бара жатыр. Жаңа вице-министр де өзінің ойын айтып өтті.

Бұл саладағы кемшіліктердің барлығын заңның деңгейінде түзетпесек, арты әлеуметтік шиеленіске әкелуі әбден мүмкін. Бұны күн тәртібінен шығармағанымыз дұрыс.

Жоғарыда аталғанның негізінде менің екі сұрағым бар.

Бірінші. Енді кәсіпкерлік ортаны шектемейміз деп отырсыздар. Болашақта сұйытылған газдың өңірлерге берілетін көлемі бойынша тапшылық жағдайы туындайтыны сөзсіз. Осы кезде кәсіпкерлік субъектілері газдың көлемін ұлғайту жөнінде талап еткенде мәселені қалай шешесіздер?

Екінші. Бұл тығырықтан шығудың екінші жолы деп білемін. Қатты қысымда дайындалатын метан газының өндіріс көлемін ұлғайтуды ойластырып отырсыздар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жандос Демесінұлы, жауап беріңіз.

НҰРМАҒАНБЕТОВ Ж.Д. Құрметті Бекбол Тілеумұратұлы, сұрағыңызға рақмет.

Шынында да газ құю станцияларының саны республика бойынша соңғы екі жылдың ішінде көбейіп кетті. Бұл жерде бір кемшілік бар. Министрлік пен әкімдіктің арасында әлеуметтік газды бөлу процедуралары өте күрделі. Облыстарда заңды тұлғаларға бөліп жатқан газдың көлемін реттеу үшін заңда нормалар қарастырылған. Біріншіден – процедураны цифрландыруды, екіншіден – процедураны жеңілдетуді, үшіншіден – газ инфрақұрылымы қауіптілігі бар объекті болғандықтан оны да реттеуді

ұсынып отырмыз. «Сосуд работающий под давлением» дейді ғой, солардың тізімін Төтенше жағдайлар министрлігі реттейтін болады.

Біз Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйесіне кіріп отырмыз. Біз тауар-көлік жүкқұжатын, кімге қанша газ сатылып жатқанын қадағалап, осы бизнеспен айналысып жатқан объектілердің бәріне газ көлемінің жеткілікті болуы үшін жұмыс жасап жатырмыз. Құпия емес, облыстарға әлеуметтік мақсатқа бөлінген газдың сыртқа кетіп жатқан фактілері де бар. Бұл жерде бірінші кезекте ішкі тұтынушылардың қажеттілігін қамтамасыз етуіміз керек, сондай-ақ субъектілерге де қысым жасамауымыз керек. Бір газ толтыру станциясы бір және одан да көп тұлғаларға жалға беріледі. Оның бәрі жұмыс істеп жатыр ма, істемей жатыр ма, белгісіз. Сондықтан осы мәселелердің бәрі реттеу арқылы шешілетініне сенімдіміз.

Бағаны министрлік өзі бекітетіндіктен газ толтыру станцияларының және газ құю, газ баллондарын толтыр станцияларының көлемдерін реттейтін боламыз. Біздің жұмысымыз осыған бағытталған.

Метан газы жөнінде айтсақ, сұйытылған газды машиналар үшін отын ретінде қолдана беретін болсақ тапшылық мәселесін шеше алмайтын шығармыз, сондықтан метанға ауыстыру өте өзекті мәселе болып отыр. Осы мәселе бойынша «Қазақгаз» ұлттық компаниясымен бірге 2027 жылға дейін жоспар құрдық. Біз стандарт қабылдап, сұйытылған табиғи газды (LNG) отын ретінде қолдануға іс-шаралар жасап, осыған ауыстыратын боламыз. Бұл өз кезегінде болашақта бензиннен газға ауыстырамын деген технологияларды LNG арқылы қолдануға ұсыныс беріп отырмыз. Осы бағытта жұмыс жасаймыз. Осымен тапшылықты тоқтатуды жоспарлап отырмыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Пожалуйста, Екатерина Васильевна.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Немножко добавлю. На самом деле очень актуальный вопрос. На сегодня более полумиллиона автомобилей перешли на сжиженный газ. Эта цифра растет ежемесячно по той простой причине, что стоимость сжиженного газа составляет 25 процентов от стоимости бензина. То есть это экономическая причина, естественная причина, по которой люди переходят на сжиженный газ. Соответственно, потребление автогаза выходит на первое место даже перед промышленным потребителем.

Поэтому в данном законопроекте мы предусмотрели (не сказал коллега) градацию потребителей. На уровне закона мы предусмотрели, что дефицитный товар (этот закон направлен на управление дефицитом), то есть сжиженный газ будет в первую очередь распределяться физическим лицам-потребителям газа. И только в последнюю очередь его будут получать промышленные потребители. Имеется в виду социальный газ, на который цена низкая. И то из промышленных потребителей на квоты будут иметь право только те производители, которые производят социально значимые товары. Прежде всего это сельскохозяйственные организации, пищевые производства и так далее.

Здесь очень важно, что другим промышленным потребителям мы облегчили приобретение импортного сжиженного газа, то есть здесь мы сняли ограничение заправляться обязательно на станции и так далее, чтобы смогли пользоваться импортом.

Мы видим затоваренность в соседних государствах этим ресурсом. Мы надеемся, что данный дефицит по промышленным производителям будет покрыт за счет таких перетоков.

Что касается в целом автозаправочных станций, количество которых растет. Коллега затронул этот вопрос. Указание в информационной системе при получении квоты на социальный газ наличия резервуара и проверка на уровне информационных систем позволят нам бороться с этими автозаправочными станциями, которые открываются без норм, без требований, без всякого рода учета.

Таким образом, сегодня не так просто будет получить социальный газ на такие заправочные станции, которые не зарегистрированы в Министерстве по чрезвычайным ситуациям и которые не соблюдают никаких правил.

Изначально, когда законопроект писался под информационную систему, мы хотели пойти через Министерство энергетики, мы хотели, чтобы Министерство энергетики выдавало хотя бы разрешение на открытие таких станций. Но когда мы проходили анализ регуляторного воздействия, был поставлен вопрос, что это излишняя норма регулирования для бизнеса, и можно получить такую же информацию в реестрах Министерства по чрезвычайным ситуациям. В принципе, мы по такому пути пошли.

Поэтому мы надеемся, что сегодня та система регулирования и прозрачности оборота позволит качественно управлять дефицитом и позволит устранить недобросовестных поставщиков услуг по реализации, транспортировке и так далее на рынке сжиженного газа. У нас, к сожалению, на сегодня эта проблема очень остро стоит без данных регуляторных инструментов. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Энергетика министрлігіне.

Заңға сәйкес сұйытылған газдың таратылуы қазір өзгермек. Энергетика министрлігі оны өңірлерге жеткізу жоспарын жасаса, ал жергілікті билік сол жоспарға сәйкес газ көлемін тұтынушыларға жеткізуді мойнына алатын болады.

Соңғы кезде Үкімет де бюрократизация жасап жатырмыз деп осындай күрделі мәселелерді жергілікті жерлерге жиі беріп жатады. Ал оның қауіптері де аз емес.

Жергілікті органдар осы міндеттерді атқаруға дайын ба? Осы функцияны жергілікті жерге берудің мақсаты қандай? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жандос Демесінұлы, жауап беріңіз.

НҰРМАҒАНБЕТОВ Ж.Д. Құрметті Сәкен Қаланұлы, сұрағыңызға рақмет.

Алдыңғы сұраққа жауап берген кезде шет жағасын айтып кеттім, осы рәсімді өзгертуді көздеп отырмыз. Өйткені бүгінгі рәсім бойынша біз осыншама газ облысқа барады деп әкімшілікке лимит жібереміз. Облыс әкімінен күтеміз, бір айда олардың тізімі келеді, оны біз қараймыз, оны қайта бекітеміз, содан кейін шешім қабылдаймыз дегенше,

облыстардан мәлімет жинап аламын дегенше уақыт өткізіп аламыз, сол кездерде газ тапшылығы болып қалады. Сондықтан заңның 25-бабымен осы рәсімді реттеуді қарастырып отырмыз.

Жалпы, жоспар болуы керек, ақпараттық жүйе болуы керек. Біз субъектілердің саны азаяды деп күтіп отырмыз. Өйткені газ толтыру станциялары аз, бірақ оларды құжаттарда ғана бірнеше мекемелерге жалға беріп тастаған, одан заңды тұлғалардың да саны көбейіп кетіп, содан кімге беремін, қалай бөлемін деп жергілікті атқарушы органдардың басы ауырып отырады. Осындай жағдайды болдырмау үшін бір тізім жасалады, ол ақпараттық жүйе болады. Біз Қаржы министрлігімен бірге кім газды қайда таратып жатқанын, облыстан басқа жаққа шығарып жатпағанын салық жүйесінен қарап отырамыз.

Талдаудың нәтижесінде біз 2024 жылдың 1 шілдесінен бастап осы мәселе түбегейлі шешіледі деген сенімдеміз. Рәсімдер жеңілдетілді. Бүкіл жауапкершілікті министрлік өз мойнына алады. Өңірге келіп жатқан газдың көлемі қазір белгілі, автокөліктердің санын біліп отырмыз. Сондықтан Мәулен Сағатханұлының айтқан ұсынысы бойынша жергілікті органдармен ақылдасып, проблемаларды болдырмау мақсатында жұмыс жасаймыз. Реттеледі деген сенімдеміз.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Екатерина Васильевна.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Уважаемые коллеги! На самом деле данный законопроект направлен на то, чтобы с июля 2024 года полностью убрать человеческий фактор с процедур распределения дефицитного товара. Каким образом? По объективной оценке объемов потребления тем или иным регионом будет вычисляться объем следующего месяца. То есть если в розничной реализации согласно оператору фискальных данных реализован определенный объем газа, если по транспортным накладным он поставлен в регион, то соответствующим образом будет планироваться следующий месяц.

Когда заработает информационная система, тогда не нужно никаких заявок от акиматов. Заявка будет формироваться информационной системой самостоятельно. Это на самом деле очень важно, потому что заявки регионов всегда не совсем точные. Эта неточность, как правило, является предметом перетока дефицитного ресурса как между регионами, потому что цена разная, так и между государствами, потому что у соседей цена на сжиженный газ выше, соответственно, это предмет спекуляции на сегодня.

Наша задача – вообще убрать из цепочки заявочный порядок и сделать его в процессе объективного потребления, этот механизм сегодня мы закладываем в нашем законопроекте.

Пока распределение акиматов при нынешней системе фиксации реализации, то есть которую мы заложили, она начнет работать раньше, чем 1 июля 2024 года, она работает уже сейчас через Налоговый кодекс. В начале года Сенатом были приняты соответствующие поправки. Поэтому на сегодня никаких рисков здесь мы не видим. При старой системе учета, вы совершенно правы, риски были огромные.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сүйіндік Тасеменұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Рысбекова Ләззәт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Газовая отрасль имеет первостепенное значение в экономическом и социальном благополучии нашей страны.

Сегодня большую значимость для казахстанцев имеют вопросы обеспечения газом. Несомненно, рассматриваемый закон решает ряд ключевых задач. Это касается обеспечения прозрачности системы распределения сжиженного нефтяного газа на внутреннем рынке, в том числе посредством учета всех субъектов, участвующих в обороте данного вида топлива, от производителя до потребителя. Также закон будет способствовать исключению посреднических схем.

Вместе с тем нужно понимать, что закон предусматривает регулирование только имеющихся объемов сжиженного газа в стране, не затрагивает вопроса увеличения ресурсной базы данного вида топлива.

К сведению, по данным Министерства энергетики, потребление сжиженного газа за последний год увеличилось на 28 процентов. Так, если потребление в 2021 году составило 1,4 миллиона тонн, то в 2022 году увеличилось до 1,8 миллиона тонн.

По итогам 2022 года из произведенных в стране 2,8 миллиона тонн газа на внутренний рынок направлено только 1,6 миллиона тонн. Таким образом, дефицит газа составил более 200 тысяч тонн.

По информации уполномоченного органа, ожидается дальнейшее увеличение дефицита данного топлива на внутреннем рынке.

Поэтому считаю, что наряду с совершенствованием регулирования оборота сжиженного газа в стране, Правительству важно активизировать работу по увеличению производства этого социально важного вида топлива.

В целом необходимо отметить, что в законодательство в сфере газа и газоснабжения поправки вносятся на систематической основе. Так, с момента принятия Закона «О газе и газоснабжении» в 2012 году различные поправки в него вносились более 20 раз. Это говорит об отсутствии у Правительства четко определенных и выверенных позиций по государственному регулированию в сфере газа и газоснабжения.

Уважаемые коллеги! В целом поддерживаю концепцию рассматриваемого закона, а также призываю вас поддержать его.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауға енгізуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заңның негізгі мақсаты – сұйытылған мұнай газының айналымын реттеу және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру.

Заң арқылы Кәсіпкерлік кодексіне, сондай-ақ «Газ және газбен жабдықтау туралы», «Табиғи монополиялар туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заңда Энергетика министрлігі тауар биржаларынан тыс жеткізу жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын белгілейді деп көзделеді. Сондай-ақ заңмен:

Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің өз интернет-ресурсында газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары мен өнеркәсіптік тұтынушылар иелерінің тізілімін жүргізу және жариялау бөлігінде;

Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің жеткізу жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын келісу бөлігінде;

Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Энергетика министрлігіне сұйытылған мұнай газының айналымы туралы ақпарат беруі бөлігінде құзыреттері кеңейтіледі.

Сонымен қатар келесі мәселелерге назар аударғым келеді.

Әріптестерім атап өткендей, қарастырылып отырған заң газ тапшылығына байланысты негізгі мәселені шешпейді. Бұл мәселе отынның осы түрін тұтынудың артуы аясында өзекті болып отыр.

Тағы бір мәселе жергілікті атқарушы органдарға сұйытылған газ көлемін бөлу жөніндегі функцияларды беруіне байланысты. Біздің ойымызша бұл шешім тиімді практикалық іске асыруды ғана емес, ең бастысы өңірлерге сұйытылған газ жеткізілімдерінің бұзылуына жол бермеуді талап етеді. Бұл қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер ететін бірінші кезектегі маңызды мәселе.

Құрметті әріптестер! Сенаттың тұрақты комитеттерінде осы заң бойынша ескертпелер мен ұсыныстар жоқ.

Баяндалғанды ескере отырып, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сүйіндік Тасеменұлы.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Бұл заң газ және газбен жабдықтау саласында туындаған қоғамдық қатынастарды қосымша реттеу үшін әзірленді. Заңның ережелері сұйытылған газбен жабдықтау жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ оны тиімді пайдалану үшін құқықтық жағдай қалыптастырады. Заң аясында кондоминиум объектісін басқарудың жекелеген мәселелерін реттеуге арналған нормалар да бар. Алдағы уақытта заң нормалары осы саладағы мәселелерді оң шешуге ықпал етеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселе толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік. Депутаттық сауалдар бар ма?

Сөз депутат Рысбекова Ләззәт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне бағытталады.

Комитетом по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству в мае текущего года было проведено выездное заседание в Атырауской области, где мы подробно остановились на проблемах переработки углеводородного сырья.

Ни для кого не секрет, что в фокусе внимания крупных недропользователей – в основном экспорт сырья, а не развитие переработки в нашей стране. Основной объем инвестиций, как и прежде, направляется на добычу.

У крупнейших операторов сохраняется слабый интерес к реализации новых проектов по переработке газа. Ежегодно увеличиваются объемы обратно закачиваемого в пласт газа для поддержания пластового давления. Эти объемы по итогам 2021 года составили порядка 39 процентов, а к 2030 году, согласно прогнозам АО «НК «QazaqGaz», могут превысить 50 процентов. Такая ситуация усугубляется и другими сопутствующими проблемами.

Компания «Тенгизшевройл» добывает более 16 миллиардов кубометров попутного газа, который по своим характеристикам относится к так называемому жирному газу, подлежащему переработке. Однако несмотря на такое преимущество, большая часть газа закачивается обратно в пласт. То есть компания попросту не ориентирована на переработку газа.

Для получения товарного газа необходимо строительство газосепарационной установки, этанопровода для дальнейшего строительства завода полиэтилена. Актуальным остается строительство завода бутадиена.

Определенные шаги в этом направлении предпринимает АО «НК «КазМунайГаз», планируя строительство газосепарационного комплекса для получения этана. Однако действующее законодательство не позволяет национальной компании получить правоустанавливающие документы на земельные участки на этапах строительства и эксплуатации на контрактной территории Тенгиза.

В детальной проработке нуждается проект по переработке попутного газа из месторождения Кашаган. Так как строительство газоперерабатывающих заводов на данном месторождении и планируемое увеличение мощности переработки с 1 до 6

миллиардов кубометров в год требует решения главной проблемы – транспортировки газа на север, центр и юг Казахстана.

В условиях складывающейся геополитической ситуации особую актуальность приобретает вопрос переработки карачаганакского газа, порядка 10 миллиардов кубометров которого отправляется по сложной и не всем понятной схеме на Оренбургский газоперерабатывающий завод. При этом по различным причинам переработка нашего газа периодически приостанавливается, что влечет за собой значительные проблемы.

Наряду с этим со стороны государства отсутствует должный анализ всех этапов реализации планируемых проектов, учет возможных рисков и дальнейших перспектив их развития. Так, в конце прошлого года в Казахстане был запущен первый интегрированный газохимический комплекс в Атырауской области. Проект ориентирован на выпуск 500 тысяч тонн полипропилена, область применения которого очень высока. Однако для использования продукции из полипропилена в Казахстане не создана соответствующая нормативная база, заранее не оценены реальные потребности экономики в этой продукции.

С учетом вышеизложенного просим представить позицию Правительства по решению указанных проблем, а также принять следующие меры по развитию отечественной нефтегазохимической промышленности.

Первое. Инициировать внесение поправок в действующее законодательство Республики Казахстана, в частности в Земельный кодекс, в целях предоставления национальным операторам возможности оформления правоустанавливающих документов на земельные участки контрактной территории ТОО «Тенгизшевройл» в период строительства и эксплуатации проектов.

Второе. Решить вопрос финансирования проектов по строительству газоперерабатывающих заводов на месторождениях Тенгиз и Карачаганак с приоритетным ориентированием их на удовлетворение внутренних потребностей страны.

Третье. Обеспечить создание соответствующей нормативной базы для использования полимерной продукции в Казахстане, а также оценить реальные потребности национальной экономики в этой продукции.

О результатах рассмотрения депутатского запроса просим дать письменный ответ в установленный законом срок.

С уважением, депутаты Рысбекова, Алдашев, Шайдаров, Буктугутов, Каниев, Лукпанов, Наутиев, Нурмухамбетов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысы Әлихан Асханұлы Смайыловқа жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ағымдағы жылғы 5 мамырда бүкілармиялық кеңесте «Армиямызды толыққанды қаруландыруда және жаңғыртуда

отандық қорғаныс-өнеркәсіп кешені маңызды рөл атқарады» деген болатын. Осы ретте Үкіметке әскери өнімдер мен қызмет түрлерінің номенклатурасын кеңейту үшін барлық шараны қабылдауды тапсырды.

Жалпы қорғаныс өнеркәсібі ел экономикасының маңызды секторларының бірі. Десе де бұл ең алдымен мемлекеттің әскери қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз етудің маңызды факторы екенін атап өткіміз келеді.

Тәуелсіздік жылдарынан бері осы маңызды салада бірқатар өзгерістер болды. Қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындарының басым бөлігі жекешелендіруден өтіп, қазір жекеменшікте. Алайда қолданыстағы кәсіпорындардың құзыреттерін қолдау және жаңаларын дамыту мақсатында неғұрлым перспективалы, даму әлеуеті бар кәсіпорындардың мемлекеттің бақылауында болғаны маңызды деп есептейміз.

Бүгінгі күні отандық қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің өзегі болып табылатын «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы активтерінің құрылымына 15 кәсіпорын кіреді, оның ішінде «Жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Үкіметтің қаулысына сәйкес төрт активті сату көзделіп, оның біреуі – «Тыныс» акционерлік қоғамы ағымдағы жылғы мамыр айында сатылып кетті. Осылайша «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының күштік құрылымдарды ең көп сұранысқа ие қару-жарақпен, әскери техникамен толық қамтамасыз ете алмау қаупі бар. Осыған байланысты депутаттар мемлекеттің қорғаныс өнеркәсібін бақылауды сақтауға бағытталған заңнамалық түзетулерге бастамашылық жасады. Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныс тапсырысы мәселелерін қозғайтын заң жобалары қазір Мәжілісте қаралуда.

Осы заң жобалары шеңберінде және заң шығару процесінің ағымдағы сатысында өзінің нормативтік-құқықтық реттелуін талап ететін қандай да бір мәселелерді шешуге болады деп есептейміз.

Құрметті Әлихан Асханұлы, мемлекет үшін қорғаныс өнеркәсібіне жататын кәсіпорындарды жекешелендіру келесі қауіпті нәтижелерді туындатуы мүмкін:

1. Мемлекет тарапынан жекеменшік қорғаныс өнеркәсібін қадағалау мүмкіндігінің азаюы.
2. Қорғаныс өнеркәсібіне болашақта шетелдік инвесторлардың қатысуы, оның қызметінің мемлекетке кері пайдаланылмайтына кепілдіктің болмауы.
3. Соғыс жағдайында қорғаныс өнеркәсібінен айырылып қалу мүмкіндігінің туындауы.

Осыған орай жекешелендірілген мүлік тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетпес үшін Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің жай-күйіне әсер ететін объектілердің жекешелендірілуіне жол берілмеуін талап етеміз.

«Жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Үкіметтің қаулысын қайта қарауды сұраймыз.

Осы бойынша «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына сәйкес жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Шиповских, Тастекеев, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің бірқатар депутаттары мен Қазақстан халқы ассамблеясының депутаттары». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа жолданады.

Поводом депутатского обращения послужило отсутствие в стране испытательной лаборатории и органов сертификации, которые могли бы подтвердить, что произведенные средства индивидуальной защиты для военных соответствуют государственным стандартам. Это создает проблемы для государственных производителей средств индивидуальной защиты, особенно при производстве бронежилетов, шлемов и защитных щитков.

Отсутствие на территории Казахстана аккредитованной лаборатории для проведения огнестрельных испытаний и требований к их изготовлению вынуждает государственные органы закупать эти средства, используя российские стандарты.

Учитывая, что наши производители не вправе напрямую подавать заявление на получение сертификата соответствия на свою продукцию в Российской Федерации, они вынуждены это делать через российские компании. Это влечет дополнительные расходы на оплату услуг лаборатории, командировки и проживание сотрудников, логистику. Более того, сертификат выдается только на партию товара, а не на весь серийный выпуск. Данное обстоятельство ставит казахстанских отраслевиков в невыгодное положение и ограничивает их производительную способность.

На сегодня есть национальный стандарт 2015 года, но он не работает. По оценке экспертов, он не соответствует современным техническим требованиям, в нем отсутствуют новые виды средств индивидуальной защиты и указаны изделия, которых даже нет в Казахстане. При этом из-за отсутствия органов аккредитации и специализированных лабораторий этот государственный стандарт не применяется вовсе.

Вопросы оснащения средствами индивидуальной защиты военных ведомств относятся к вопросам национальной безопасности, так как речь идет о вопросах обороны и сохранения жизни и здоровья наших военнослужащих. В связи с этим полагаем необходимым:

- 1) внести изменения в национальный стандарт СТ РК 2768-2015 «Средства индивидуальной защиты для военнослужащих» в части определения типов бронежилетов, их размерного ряда и других критериев»;

- 2) создать аккредитованную лабораторию и органы сертификации по подтверждению соответствия государственным стандартам производимых средств индивидуальной защиты, в том числе бронежилетов, противопульных шлемов и защитных щитков;

3) найти пути решения для увеличения внутреннего содержания при проведении закупочных процедур средств индивидуальной защиты для военных. Наши производители должны быть в приоритете. Мы должны использовать наши материалы.

О результатах рассмотрения депутатского запроса просим дать письменный ответ в установленные законом сроки.

Депутаты Асанова, Жексенбай». Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Наш депутатский запрос направляется Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! Масштабный пожар в Абайской области, охвативший более 60 тысяч гектаров земли и унесший жизни 15 человек, вновь обнажил ряд системных проблем в сфере чрезвычайных ситуаций, которые ранее неоднократно затрагивались в наших депутатских запросах.

Предметный анализ ситуации указывает на два важных аспекта рассматриваемого вопроса.

Во-первых, речь идет о недостаточности сил и средств в борьбе с чрезвычайными ситуациями, то есть нехватке государственных пожарных подразделений и их слабой технической оснащенности.

По информации Министерства по чрезвычайным ситуациям, в стране имеется 426 подразделений Государственной противопожарной службы, дополнительно требуется 121 депо. Согласно представленным нам данным, даже к 2030 году потребность в строительстве пожарных подразделений будет восполнена лишь на 55 процентов. Около 20 процентов от общего числа единиц техники пожаротушения эксплуатируются с 70-90-х годов прошлого столетия и требуют обновления.

Очевидно и то, что выделение достаточных средств и должное оснащение пожарных не является гарантией решения проблемы. Обзор отчета Правительства об исполнении республиканского бюджета демонстрирует ежегодное неосвоение выделяемых на данную сферу средств. В этом контексте важно обратить внимание на второй более актуальный аспект проблемы, который заключается в отсутствии системного подхода к обеспечению защиты от чрезвычайных ситуаций.

Президент страны Касым-Жомарт Токаев неоднократно подчеркивал необходимость рассмотрения целесообразности приватизации стратегических объектов, вплоть до возвращения их в государственную собственность.

В декабре 2018 года была приватизирована единственная в своем роде Профессиональная военизированная аварийно-спасательная служба. В итоге данного решения государство лишилось специализированной службы, способной обеспечивать оперативную ликвидацию аварий повышенной сложности.

Более того, вместе со сменой формы собственности в законодательство не были введены нормы правовых обязательств и ответственности частных аварийно-

спасательных служб. Это практически нивелирует их ответственность за ненадлежащее выполнение работы.

Вопрос приватизации аварийно-спасательной службы с вышеуказанными последствиями неоднократно являлся предметом наших депутатских запросов в адрес Правительства. В ответ нас информировали только о законности самой сделки по приватизации объекта. Однако вопрос обоснованности решения о приватизации одного из ключевых для безопасности страны объектов остался без рассмотрения.

Аналогичная ситуация наблюдается в сфере противопожарной безопасности страны. По информации Министерства по чрезвычайным ситуациям, на территории Казахстана имеется 331 объект негосударственной противопожарной службы. Следовательно, почти немного меньше половины пожарных подразделений в стране являются негосударственными.

Законодательство, регулирующее порядок привлечения негосударственных противопожарных служб к ликвидации чрезвычайных ситуаций, как и в случае с аварийно-спасательной службой, не содержит четко установленных правовых обязательств в части тушения пожара, а также не предусматривает их ответственности за ненадлежащее исполнение своих обязанностей.

Согласно статье 67 Закона Республики Казахстан «О гражданской защите» негосударственные противопожарные службы в случае пожаров обязаны лишь оказывать содействие вместо неперемногого исполнения своих прямых функций. Такое широкое толкование допускает уклонение под любым предлогом от непосредственного участия в пожаротушении.

Статья 63 того же закона наделяет руководителя тушения пожара лишь правом привлекать эти службы, а не уточняет алгоритма их взаимодействия.

Рассматриваемый вопрос требует предельной четкости норм законодательства. Последние пожары в Абайской области и других регионах нашей страны свидетельствуют о необходимости установления справедливого баланса и распределения ответственности между всеми вовлеченными субъектами.

В данных конкретных случаях приватизация, как инструмент конкуренции через сокращение государственного вмешательства в экономику, не привела к существенным изменениям, напротив, положение ухудшилось.

Принимая во внимание вышеизложенное, полагаем целесообразным рассмотреть возможность диверсификации портфеля приватизированных предприятий, а также вопрос совершенствования нормативно-правового регулирования в части ответственности негосударственных организаций в процессе ликвидации чрезвычайных ситуаций.

С уважением, члены Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности». Спасибо.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, регламентті сақтаймыз.

Келесі сөз депутат Өтешов Серік Балғатайұлына беріледі.

ӨТЕШОВ С.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Елімізде ішкі миграция мен халықтың тұрақты өсу үрдісі байқалады. Ресми статистика бойынша Қазақстанда жыл сайын миллионға жуық адам ішкі миграцияға қатысады, ірі қалалар әлі де негізгі миграциялық ағындарды тартуда. Ал олардың инфрақұрылымы бұл процеске төтеп бере алмауда.

Егер демографиялық және миграциялық дамудың қазіргі тенденциясы сақталатын болса болжамдық мәліметтерге сәйкес 2050 жылға қарай елдің оңтүстік облыстарында халық саны 5,2 миллионға артып, ал солтүстік облыстарда осы кезеңге қарай шамамен 1 миллион адамға қысқаруы мүмкін.

Халықтың аймақтардан бақылаусыз кету үрдісіне байланысты ірі қалалар мен жекелеген облыстардағы халық санының өсуі демографиялық дисбалансты күшейтуде. Демографиялық жағдайдың нашарлауы елдің экономикалық әл-ауқаты мен ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді.

Бұл мәселе, біріншіден, елдегі туу көрсеткішімен, халықтың ең жоғары тығыздығымен, жұмыс күшінің жыл сайын артуымен ерекшеленетін елдің оңтүстік аймақтарын сипаттайды. Бүгінде оңтүстік өңірлерде жұмыссыздық деңгейі 5 пайызды құрап отыр.

Екіншіден, елдің солтүстік аймақтары еңбекке қабілетті жастағы халықтың көп кетуін, қартаю үрдісінің орын алуын, туу мен экономикалық белсенділіктің төмендеуін сипаттайды.

Осы мәселелерді реттеуге 2014 жылдан бастап «Серпін–2050», «Еңбек», «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» бағдарламалары жүзеге асырыла бастады. Алайда оларды жүзеге асырудағы кейбір кемшіліктер мен олқылықтар оң нәтиже көрсетіп отырған жоқ. Уәде етілген мемлекеттік қолдау сапасына қанағаттанбау нәтижесінде қоныс аударушылар өз өңірлеріне қайтып оралуда.

Қазіргі уақытта жұмыс күші тапшы өңірлерде қалған, жұмысқа орналасқан адамдардың саны туралы, сондай-ақ бағдарламаларды іске асырудың әрбір кезеңінде жұмсалған қаражат туралы ақпарат жеткіліксіз.

Елімізде демографиялық дисбаланс мәселелерін шешуге бағытталған бағдарламалар артып келеді, бірақ түпкі мақсатына жетуде шешілмей жатқан біраз мәселелер әлі де орын алуда.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде төмендегі ұсыныстарды жолдаймыз:

1. Ішкі миграциялық процестерді реттеуді жетілдіріп, мониторинг жүргізу мақсатында «Шетелдік жұмыс күші», «Бүркіт» жүйелерінің мысалында «бір терезе» қағидаты бойынша бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйе енгізу қажет.

2. Көшіп барған халықты өңірде тұрақты тұруға ынталандыру үшін өңірлерде тартымды әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау керек, мемлекеттік бағдарламалар өңірлерді кешенді дамыту арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

3. «Серпін–2050» бағдарламасы аясында барлық мамандықтар бойынша гранттар санын көбейтіп, еңбек тапшылығы бар өңірлерге көшіп келген отбасылардан шыққан жастарға осы бағдарламаға қатысу мүмкіндігін қарастыру керек.

Құрметті Әлихан Асханұлы, депутаттық сауалдың толық нұсқасы хатпен жолданатын болады.

Сенат депутаттары Өтешов, Нұғманов, Орынбасаров». Рақмет.

ТӨРАҒА. Слово предоставляется Ниязовой Нурие Исмагиловне.

НИЯЗОВА Н.И. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! Наш депутатский запрос адресован Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан – Министру труда и социальной защиты населения Дуйсеновой.

«Согласно Закону «Об Ассамблее народа Казахстана» этнокультурные объединения реализовывают социально полезные проекты, проводят благотворительные акции, ведут волонтерскую деятельность, занимаются профилактикой межэтнических конфликтов и медиацией, популяризируют изучение государственного языка среди этносов, их культуру, обычаи и традиции.

Мероприятия, направленные на обеспечение общественного согласия и единства, организуемые Ассамблеей народа Казахстана и их этнокультурными объединениями, финансируются в порядке, определяемом законодательством Республики Казахстан. Но согласно требованиям Правил формирования, предоставления, мониторинга и оценки эффективности государственных грантов, утвержденным приказом Министра информации и общественного развития, для участия в конкурсе на получение гранта необходимо предоставить заявку, где должны быть отражены приоритетные направления работы грантополучателя, в том числе объем финансирования, то есть доходы заявителя, целевые индикаторы, это штат, то есть фонд заработной платы, материально-техническая база.

Однако этнокультурные объединения – это некоммерческие общественные организации, они не ведут хозяйственной деятельности и, как правило, сдают нулевую налоговую отчетность. В связи с этим по действующим правовым нормам они не имеют возможности для участия в конкурсе на получение гранта. Государственный социальный заказ в сфере межэтнических отношений нередко исполняют субъекты предпринимательства, далекие от указанных вопросов и не имеющие специальных квалификаций и компетенций.

Поэтому просим рассмотреть наши предложения.

1. В Правилах предоставления грантов исключить требования к заявителям объема финансирования, целевых индикаторов и наличия материально-технической базы.

2. Ввести государственный грант для этнокультурного многообразия. Механизм уже имеется. По инициативе Главы государства с 2021 года одаренной молодежи присуждается денежный грант «Тәуелсіздік ұрпақтары».

3. Внести поправки в Закон «О государственном социальном заказе» для обеспечения доступа этнокультурных объединений к реализации социальных проектов.

Просим о результатах рассмотрения депутатского запроса дать письменный ответ в установленный законом срок.

С уважением, депутаты Сената Парламента Ниязова, Бөлгерті, Кузиев, Сатвалдиев, Шиповских». Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нұғманов Амангелді Шайхоллаұлына беріледі.

НҰҒМАНОВ А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министріне жолданады.

«Құрметті Тамара Босымбекқызы! Депутаттық сауалым Ауған соғысына қатысқан отандастарымыздың жай-күйіне қатысты болмақ.

Қазіргі таңда жүргізілген талдаудың нәтижелері бойынша шешім талап ететін бірқатар мәселелер анықталды.

1979 – 1989 жылдар аралығында Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрамында болған ҚазССР, яғни еліміздің 18 жастан асқан жігіттері Ауғанстан жерінде өздерінің интернационалдық борышын адал атқарып, әрдайым ерлігімен, өжеттілігімен көзге түсіп, мемлекет тарапынан марапатталды. Бұл – сол кездегі КСРО-ның өзге елдерді өз ықпалына қарату саясатының елімізге берген қасіреті еді.

Қан майданға Қазақстан жерінен 23 мыңнан астам бозбала аттанып, оның мыңға жуығы үйіне оралмады. Бүгінгі күні сол тірі қайтқан азаматтардың 16 мыңға жуығы ғана қалды. Оның жартысынан көбі мүгедек! Осы топта жүріп мемлекет қорынан пәтер ала алмай жүргендері қаншама?! Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 «Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, мүгедектердің және оларға теңестірілген адамдардың жеңілдіктері мен әлеуметтік қорғалуы туралы» Заңның талаптары бойынша Ауған соғысына қатысқандар Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілген болатын және соған сәйкес жеңілдіктері болды. Бірақ ол 2020 жылдың 6 мамырындағы «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануына байланысты күшін жойды. Сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар баптар да, өкінішке қарай, жойылып кетті.

Бүгінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекет тарапынан берілетін көмек 21 мың теңгені ғана құрайды. Қазіргі экономикалық жағдайда бұл төлем өте аз. Ауғанстан соғысына қатысқандардың көбісінің әлеуметтік жағдайы төмен. Мүгедектіктің кесірінен жұмысқа жарамсыз. Жастарының алды 70-ке келсе, арты 55 жастан асқан, өздерін Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңдес ретінде сезінбейді. Осыған қарамастан Ауғанстан соғысына қатысушылар мектептерде, колледждерде, жалпы қоғамда жастарды отандық сүйіспеншілікке баулып, патриоттық тәрбие беруде қарқынды үлестерін қосып келеді.

Осы айтылғандардың негізінде және Ауғанстан соғысына қатысушылардың әлеуметтік жағдайларын ескере отырып, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің «жалғасты теңдесі» ретінде мойындау қажет деп есептеймін.

Ең маңыздысы өскелең ұрпаққа бағыт беруші Ауғанстан соғысы майдангерлерінің мәртебесін ескере отырып, көршілес елдердегі болып жатқан қақтығыстардан сабақ ала отырып, әскер құрамына жастарымызды баулуда маңызды тәрбие ретінде ұғынуымыз міндет.

Бұл айтылғандардың барлығы Ұлы Отан, Ауған соғысы ардагерлерінің еңбектерін еселей түседі, олардың ерліктері ұмытылмайды. Мемлекет тарапынан оларды бағалауды – дер кезінде көрсетіліп жатқан ең негізгі көрсеткіш ретінде қабылдауымыз керек деп санаймын.

Жоғарыда аталғанның негізінде күші жойылған «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-

бабының 5) тармағында көрсетілген «Коммуналдық тұрғын үй қорының үйлеріндегі өзі тұрып жатқан пәтерлері меншігіне беріледі» деген бапты қажетті түрде қазіргі қолданыстағы «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қосымша енгізуді сұраймын.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес қарау нәтижелерінің белгіленген мерзімінде депутаттық сауалға жазбаша жауап беруіңізді өтінемін.

Құрметпен Сенат депутаты Нұғманов».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресудің кешенді жоспарын әзірлеу қажеттігін айтты.

Жамбыл облысының Шу алқабында өңірдің табиғи жағдайына байланысты 140 мың гектар жерде бірқатар есірткі өнімдерін өндіруге арналған шикізат болып табылатын жабайы қарасора өседі.

Соңғы жылдары синтетикалық препараттар белсенді түрде таралуда, олардың бірқатары жерасты зертханаларында жасалады, ал қалған бөлігі жақын шетелден әкелінеді.

Қазақстанда «синтетиканың» таралуын анықтайтын негізгі факторлардың бірі:

ресейлік және қытайлық прекурсорлар мен жабдықтарды пайдалана отырып жасырын нарко-лабораториялар жағдайындағы есірткінің жеке өндірісі;

пошта мен көлік-логистикалық компаниялар арқылы Ресей Федерациясының аумағынан дайын есірткілер мен олардың концентраттарын әкелетін контрабанда;

шетелдік онлайн-платформаларға және жедел хабар алмасу сервистеріне, дроп-карталарды, оның ішінде криптовалютада ашу мүмкіндігімен кең қолжетімділігі.

Бұған қоса есірткі сайттарын жарнамалайтын граффитидің белсенділігі тәуелді адамдардың 2,7 пайызға өсуіне ықпал етеді.

Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша есепте тұрған есірткіге тәуелді адамдардың саны 18 мың 136 адамды құрады.

Бүгінгі таңда ішкі істер органдары ағымдағы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша 3 мың 31 қылмыстық бұзушылықты, оның ішінде 1072 есірткі қылмысын анықтады.

Есірткіге мас күйінде 282 қылмыстық құқық бұзушылық жасалса, оның 223-і есірткі құқық бұзушылығына тиесілі. Оған қоса аса ірі мөлшерде есірткі заттарын сақтаудың 203 фактісі анықталды.

Жалпы күш-жігермен есірткі қылмысының алдын алу мәселесі мүлдем басқа деңгейге көтеріліп, аймақтағы және жалпы республикадағы есірткі жағдайын түбегейлі түзетуге тиіс.

Сонымен өсімдіктердің осы түріне қол жетімділікті шектеудің алдын алу шараларының бірі – жабайы қарасораны мақсатты пайдалану. Ол үшін әлемдік тәжірибені зерттеп, біздің елімізде инвесторларды тартуға қолайлы климат жасалған. Жамбыл облысының аумағында бос алаңдары бар, қажетті инфрақұрылым тартылған «Тараз Химпаркi» арнайы экономикалық аймағы орналасқанын.

Өнеркәсіпте қарасора медициналық, отын, тоқыма, қағаз, құрылыс және басқа салалардың шикізаты ретінде, сондай-ақ өрескел өсімдік талшықтарын өндіру үшін белсенді қолданылуда.

Өсімдік өнімдерін өндіру және өңдеу саласында Қытай, Франция, Нидерланды сияқты дамыған елдер көш бастап тұр.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Еліміздің болашағына төніп тұрған бұл қатердің жолын кесу мақсатында құқық қорғау және басқа да құзыретті органдардың алдына нақты міндеттер қою керек. Олар:

1) қолданыстағы тәжірибені ескере отырып, заңнаманы зерделеу, олқылықтарды анықтау және оларды жою бойынша ұсыныстар енгізу;

2) өнеркәсіптік немесе медициналық мақсаттарда өсімдік шикізатын қайта өңдеу бойынша «Тараз Химпаркi» арнайы экономикалық алаңын пайдалану;

3) уәкілетті органдарды тарта отырып «Қазақстан ғарыш сапары» технологияларын қолданып, қарасораның шоғырлану ошақтарының картасын қайта жаңартып, жабайы өсу алаңын зерттеу;

4) есірткінің таралуына мүмкіндік бермеу үшін жабайы қарасораны жетілу кезеңіне дейін жою тәсілінің тиімділігін арттыру.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды қарау нәтижелері белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Депутаттық сауалдың толық мәтіні жолданатын болады.

Құрметпен Сенат депутаттары Орынбеков, Арубаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2023 жылғы 22 маусым

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам организации дорожного движения», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Е.А. БОЛЬГЕРТТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БОЛЬГЕРТА Е.А. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

САТВАЛДИЕВ А.Г. 3
СӘРСЕНОВ С.С. – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары, заместитель Министра внутренних дел Республики Казахстан..... 3
ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. 4
СМЫШЛЯЕВА Е.В. – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан..... 4
ОРЫНБЕКОВ Б.С. 5
СӘРСЕНОВ С.С. 6
СМЫШЛЯЕВА Е.В. 6
ШИПОВСКИХ Г.Г. 6
СӘРСЕНОВ С.С. 7
СҰЛТАНБАЕВ Қ.Ә. – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы, председатель Комитета административной полиции Министерства внутренних дел Республики Казахстан 7
СМЫШЛЯЕВА Е.В. 7
ТОЛАМИСОВ А.Ф. 9

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования оборота сжиженного газа и жилищно-коммунального хозяйства», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы С.Т. АЛДАШЕВТІҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству АЛДАШЕВА С.Т. 10

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ШАЙДАРОВ С.Ж.	12
ЫДЫРЫСОВ А.С. – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі, вице-министр индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан	12
РАХМЕТОВА Ә.Қ.	13
НҰРМАҒАНБЕТОВ Ж.Д. – Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, вице-министр энергетики Республики Казахстан	13
ОРЫНБАСАРОВ Б.Т.	14
НҰРМАҒАНБЕТОВ Ж.Д.	14
СМЫШЛЯЕВА Е.В. – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан	15
АРУБАЕВ С.Қ.	16
НҰРМАҒАНБЕТОВ Ж.Д.	16
СМЫШЛЯЕВА Е.В.	17
РЫСБЕКОВА Л.Т.	18

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования оборота сжиженного газа и жилищно-коммунального хозяйства» (второе чтение)

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы С.Т. АЛДАШЕВТІҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству АЛДАШЕВА С.Т. 19

Депутат Л.Т. РЫСБЕКОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата РЫСБЕКОВОЙ Л.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 21

Депутат Г.Г. ШИПОВСКИХТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата ШИПОВСКИХ Г.Г. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	22
Депутат Ж.Б. АСАНОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата АСАНОВОЙ Ж.Б. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	24
Депутат С.М. ЕРШОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата ЕРШОВА С.М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	25
Депутат С.Б. ӨТЕШОВТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата УТЕШОВА С.Б. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	26
Депутат Н.И. НИЯЗОВАНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата НИЯЗОВОЙ Н.И. к заместителю Премьер-Министра – Министру труда и социальной защиты населения Республики Казахстан Дуйсеновой Т.Б.	28
Депутат А.Ш. НҰҒМАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата НУГМАНОВА А.Ш. к заместителю Премьер-Министра – Министру труда и социальной защиты населения Республики Казахстан Дуйсеновой Т.Б.	29
Депутат Б.С. ОРЫНБЕКОВТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата ОРЫНБЕКОВА Б.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	30

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
камтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Әлиев

Стенографиялау қызметінің
басшысы



Г. Молдашева